

*Демография сатылары*

Халық санының өзгеру сипатына қарай 4 сатыға бөледі. *Бірінші* сатысы кезінде өлім мен туылу күрт төмендейді бірақ өлім коэффициентінің төмендеуі туу коэффициентінің төмендеуінен алда болады. Сондықтан, халықтың өсімі артады. Мұндай жағдай көптеген дамушы елдерде қалыптасып отыр, ал дамыған елдер бұл кезеңнен XX ғасырдың ортасында өтіп кетті. *Екінші* сатысында өлім минимумға жетеді де, одан төмендемейді, бірақ туылу төмендей береді. Сондықтан, халық өсімі баяулайды. *Үшінші* сатысында халықтың қартаюына байланысты өлім коэффициенті артады, сонымен қатар туылудың төмендеуі баяулайды. Үшінші сатының соңына қарай туу коэффициенті халықтың жай көбеюінің деңгейіне жақындайды, ал өлім коэффициенті бұл деңгейден төмен болып қалады, себебі халықтың жастық құрамы әлі де тұрақты емес. Экономикалық жағынан дамыған елдер өтпелі кезеңнің осы сатысына жақын. *Төртінші* сатысында өлім коэффициенті арта отырып, туу коэффициентіне жақындайды да, демографиялық тұрақтану аяқталады.

Қолданған ресурстар:

1. Е.Ахметов,Т.Увалиев, Қ. Ахметов. Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы 10 сынып, Алматы «Мектеп» 2006.
1. <http://www.statdata.ru/10-samih-bolshih-stran-mira-po-naseleniu>

Демографиялық дағдарыс – халық санының күрт өзгеруі. Демографиялық дағдарыс ретінде халық санының азаюы да, шектен тыс өсуі де жатады.

Бірінші жағдайда туу көрсеткіші халық санының өсуінен төмен деңгейге түседі.

Екінші жағдайда, халық саны шектен тыс өскен кезде, демографиялық дағдарыс – бұл аймақтың өз тұрғындарын өмір сүруге қажетті ресурстармен қамтамасыз ете алмауы.